



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Ғылыми кеңесінің  
2026 жылғы 23 ақпандағы  
**ҚАУЛЫСЫ**

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Алина Кулбайқызы Галееваның** «2025-2026 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясының қорытындысы туралы»; Стратегиялық даму орталығының директоры **Жандос Ескендірұлы Байжұманың** «2025-2026 оқу жылындағы жартыжылдық индикативтік көрсеткіштердің орындалу қорытындылары туралы» баяндамаларын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Алина Кулбайқызы Галееваның**, Стратегиялық даму орталығының директоры **Жандос Байжұма Ескендірұлының** баяндамалары назарға алынсын.

- «2025-2026 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясының қорытындысы туралы» баяндамасы бойынша:


№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	<ul style="list-style-type: none"><li>• Әртүрлі пәндер бойынша емтихан формасын (тест/ауызша/жоба) таңдаудың педагогикалық тиімділігі бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленсін;</li><li>• Бақылау түрлері бойынша критерийлік бағалау үлгілері әзірленсін;</li><li>• АТ департаментіне студенттердің оқу үлгерімі туралы деректерді талдауды жақсарту бойынша техникалық сипаттамалар ұсынылсын.</li></ul>	Рахимбекова Б.К.	15.03.2026  15.04.2026
2	<ul style="list-style-type: none"><li>• <i>Univer</i> жүйесіндегі қолданыстағы құрылым жақсартылсын және академиялық мәселелер департаментінің техникалық тапсырмалары бойынша жаңа түрдегі аналитикалық есептер енгізілсін;</li><li>• Деректерді <i>Microsoft Power BI</i> жүйесіне уақытылы интеграциялау камтамасыз етілсін.</li></ul>	Томанов М.М.	15.04.2026  15.05.2026
3	<ul style="list-style-type: none"><li>• Оқу үлгерімін талдаудың заманауи әдістері зерттеліп, академиялық мәселелер департаментіне ұсыныстар берілсін;</li></ul>	Факультет декандары  Кафедра меңгерушілері	01.04.2026

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 10 немесе одан да көп оқушыдан тұратын топтар үшін <i>A</i>, <i>A-</i> және <i>F</i> бағаларының үлесі өте жоғары (40%-дан астам) пәндер мен оқытушылар анықталсын, себептері талданып, біржақты бағалау тәуекелдерін азайту шаралары әзірленсін;</li> <li>• Барлық білім бағдарламалары бойынша бағалардың пәндер бойынша (бакалавриат, магистратура) бөлінуіне талдау жүргізіліп, академиялық мәселелер департаментіне есеп берілсін.</li> </ul>		
--	---	--	--

• «2025-2026 оқу жылындағы жартыжылдық индикативтік көрсеткіштердің орындалу қорытындылары туралы» баяндамасы бойынша:

1	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Индикативті жоспардың жоспарланған мәндерінің орындалуы жеке бақылауға алынсын;</li> <li>• Университеттің халықаралық рейтингтердегі жұмысын қатаң үйлестіру қамтамасыз етілсін (<i>QS WUR</i>, <i>THE WUR</i>, <i>QS/THE by Subject</i>, <i>Sustainability/Impact Rankings</i>)</li> </ul>	Дүйсенов Е.Е. Ибраимов М.Қ. Галеева А.К. Омаров Б.Б.	01.04.2026
2	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жылдың бірінші жартыжылдығындағы көрсеткіштердің орындалу нәтижелері талқыланып және оқу жылының соңына дейін жоспарды орындау жұмыстары қатаң ұйымдастырылсын;</li> <li>• Шетелдік серіктестермен бірлескен жарияланымдар шығару көбейтілсін (1-2 жарияланым бірлесіп шыққан «мақсатты» серіктестікке баса наза аударылсын);</li> <li>• <i>QS</i> және <i>THE</i> рейтингтеріндегі позицияларды жақсарту үшін факультеттерде жүйелі бейіндік шаралар ұйымдастырылсын.</li> </ul>	Факультет декандары	15.03.2026
3	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Индикаторларға қол жеткізбеу қаупін азайту үшін факультеттерге үнемі мониторинг жүргізу, деректер жинау және әдістемелік қолдау көрсету қамтамасыз етілсін.</li> </ul>	Байжұма Ж.Е.	үнемі

Ғылыми кеңес төрағасы



Ж.Қ. Түймебаев

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы



М.Қ. Мәмбетова